Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі "Страхователь" деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі "Страховщик" деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» мамыр №193) ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (бұдан әрі - жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) шарттың мәні болып табылады, осыған байланысты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Шартта көзделген көлем мен жағдайларда сақтандыру төлемін жасауға міндетті болады.

1.2. Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру объектісі қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге не оның өліміне әкеп соғатын жазатайым оқиға нәтижесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс) 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі болып табылады.

1.3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі - Еңбек кодексі) 186-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлар кезінде, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде ол (олар) ұшырайтын, соның салдарынан қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға не өлімге әкеп соғатын өндірістік жарақаттану, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улану болатын еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кездегі жазатайым оқиға (жазатайым оқиға) Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

2. Шартты тоқтату, өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі

2.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

2.1.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

2.1.2. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 841-бабына сәйкес мерзімінен бұрын тоқтатылған (бұдан әрі - Азаматтық кодекс (Ерекше бөлім));

2.1.3. Сақтандырушы Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшеріндегі сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін), жерлеуге кеткен шығындарды төлеген, алдын ала, оңалту шараларын, шипажай-курорттық емдеуге кететін шығындарды өтеген жағдайларда өз қолданылуын тоқтатады.

2.2. Шарттың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Шартты мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде Сақтандырушының сақтандыру қолданыста болған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар.

2.3. Сақтанушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) талаптарына сәйкес кез келген уақытта Шарттан бас тартуға құқылы.

2.4. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл Шарттың 4-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

2.5. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі және оны мерзімінен бұрын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта айқындалады.

2.6. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде еңбекке ақы төлеу қоры және (немесе) жұмыскерлердің штат саны өзгеретін жағдайда, онда Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасасу жолымен Шартқа (сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде) өзгерістер енгізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекке ақы төлеу қорының өзгерген сомасы және Шарт аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алынып есептеледі. Сақтандыру тарифі Шарт жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне пропорционалды есептеледі.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

3.1. Сақтандырушы Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Сақтанушының банктік шотына

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

енгізілген кепілдік ақшалай жарна түрінде Шарттың жалпы сомасынан 3 % (үш пайыз) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Сақтанушыға енгізуге немесе қабылдау-тапсыру актісі бойынша Шартқа 6-қосымшаға сәйкес ресімделген, қолданылу мерзімі Сақтандырушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейінгі банк кепілдігін ұсынуға міндетті.

3.2. Сомасы айлық есептік көрсеткіштің 170 мың еселенген мөлшерінен асатын банк кепілдігі шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде:

3.2.1. мынадай критерийлерге сәйкес келетін ҚР екінші деңгейдегі банкінен (бұдан әрі - ЕДБ): - банк кепілдігі берілген айдың бірінші күнінің алдындағы 3 (үш) ай ішінде ҚР Ұлттық банкінің пруденциалдық нормативтерін орындау; - Standard&Poor's / Fitch бойынша «B-»-тан немесе Moody's Investors Service бойынша «B3»-тен төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингінің не бас ұйым рейтингінің болуы қабылданады. ЕДБ-де рейтинг болмаған жағдайда, осы ЕДБ акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей тиесілі болатын ЕДБ акционерінің (қатысушысының) рейтингі, егер ол «BBB» деңгейінен төмен болмаса, есепке алынуы мүмкін;

3.2.2. шетелдік заңнамаға сәйкес банктік қызметті жүзеге асыратын және Standard&Poor's / Fitch бойынша «BBB»-тан немесе Moody's Investors Service бойынша «Baa2»-ден төмен емес шетелдік валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар шетелдік банктен қабылданады. Біреуден көп рейтинг болған жағдайда, олардың ең нашары есепке алынады. Бұл ретте банк сатып алу туралы шартты орындаудың бүкіл мерзімі ішінде осындай критерийлерге сәйкес келуге тиіс, әйтпесе мердігер осы тармақтың талаптарына сәйкес келетін басқа банктен кепілдік ұсынады.

3.3. Егер Сақтандырушы сатып алу туралы шарт жасасылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаса, онда Сақтанушы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады, әлеуетті мердігер енгізген өтінімді қамтамасыз етуді өзіне қалдырады (ұстап қалады), ал тендерлік комиссия тендер қорытындысы бойынша екінші орын алған әлеуетті мердігерді тендер жеңімпазы деп айқындайды. Сақтандырушы сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайлар қосымша ерекшелікті құрайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген Сақтандырушы туралы мәліметтерді Сақтанушы мұндай мердігер туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз әлеуетті мердігерлерінің (мердігерлерінің) тізбесіне енгізу үшін белгіленген тәртіппен Сатып алу жөніндегі Қор операторына жібереді.

3.4. Егер мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді 3.1-тармақтың 3.1.1-тармақшасының талаптарына сәйкес ауыстырмаса, онда Сақтанушы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

3.5. Сақтанушы енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Сақтандырушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарады.

3.6. Жеткізуші (Сақтандырушы) шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзған жағдайда, Сақтанушы шарттық міндеттемелерді орындауды бұзғаны үшін жеткізушіге (Сақтандырушыға) есептелген тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын және соған байланысты туындаған залал сомасын сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан ұстап қалуға құқылы. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы жеткізушіге (Сақтандырушыға) ол шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарылады. Жеткізуші (Сақтандырушы) шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда, мынадай шарттар жиынтығымен қанағаттандырылатын жағдайларда Сақтанушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және Сақтандырушы Қордың сенімсіз әлеуетті сақтандырушыларының (сақтандырушыларының) тізбесіне енгізілмейді: 1) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу (өндіріп алу/ұстап қалу); 2) жеткізушінің (Сақтандырушының) шарттық міндеттемелерді толық орындауы; 3) залалдың болмауы немесе оның орнын толық өтеу (өндіріп алу/ұстап қалу).

4. Шарттың қолданылуы

4.1. Шарт онда белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру жарнасы) төленген жағдайда Шартқа 4-қосымшада көрсетілген Шарттың қолданылу мерзімі басталған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын мерзімін ұзартып төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру жарнасын) Шартта белгіленген мерзімнен кешіктіріп төлеген жағдайда, Шарттың қолданылу мерзімі сақтандыру сыйлықақысы (бірінші сақтандыру жарнасы) толық көлемде төленген күннен кейінгі күннен бастап есептелетін және қатарынан күнтізбелік 12 (он екі) ай бойы қолданылатын болады. Сақтандырушының есеп айырысу шотына ақша түскен күн сақтандыру сыйлықақысын (бірінші сақтандыру жарнасын) төлеу күні болып есептеледі. Сақтанушының қызметі 12 (он екі) айдан аз мерзімде жүзеге асырылған кезде Шарт осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

4.2. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Шартқа 4-қосымшада көрсетілген Шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

4.3. Шарттың қолданылу мерзімі, сақтандыру аумағы, сақтандырылғандардың саны Шартқа 4-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

5. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу мерзімдері мен тәртібі

5.1. Сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері Шартқа 4-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.2. Сақтандыру сомасы сақтандыру төлемінің (төлемдерінің) мөлшеріне және (немесе) Шартта көзделген жерлеуге арналған шығыстардың, превентивтік және оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындардың сомасына азайтылады. Сақтандыру сомасы қызметкерлердің жылдық еңбекақы төлеу қоры өзгерген кезде өзгеруі мүмкін.

5.3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарнасын Шартта белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға немесе берешек сомасын сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

5.4. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы Шарттан бас тартқан күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге міндетті, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін мерзімі өткен әрбір күн үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарнасын төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушы өсімпұлды төлеу мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген берешек сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу ақшаны Сақтандырушының Шартта көрсетілген банктік шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырылады.

5.5. Сақтанушының Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Шарт шеңберінде ол (олар) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түріне сәйкес кәсіптік тәуекел класы көрсетіле отырып, Сақтанушы және оның филиалы (филиалдары) бойынша бөлек белгіленеді және Шартқа 5-қосымшада көрсетіледі.

6. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың тәртібі мен мерзімдері

6.1. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оның кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі белгіленуіне байланысты айырылған жалақысына (табысына) байланысты келтірілген зиянның мөлшері Азаматтық кодекстің талаптарына сәйкес айқындалады.

6.2. Қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 5 (бес) пайыздан 29 (жиырма тоғыз) пайызды қоса алғанға дейін белгіленуіне байланысты қызметкердің айырылған жалақысына (табысына) байланысты келтірілген зиянды өтеуді Сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 30 (отыз) пайыздан 100 (жүз) пайызды қоса алғанға дейін белгіленуіне байланысты қызметкердің айырылған жалақысына (табысына) байланысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасасылған аннуитет шартына сәйкес Сақтандырушы жүзеге асырады.

6.3. Сақтандыру төлемінің мөлшері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу жағдайы бойынша төленетін әлеуметтік төлем шегеріліп барып жүзеге асырылады. Қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 1 (бір) жылдан аз мерзімге белгіленуіне байланысты қызметкердің айырылған жалақысына (табысына) байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасасылған аннуитет шарты негізінде Сақтандырушы ай сайын жүзеге асырады. Бұл ретте бірінші сақтандыру төлемін Сақтандырушы Заңда және Шартта көзделген барлық құжаттар ұсынылған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

6.4. Қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі 1 (бір) жыл және одан көп мерзімге белгіленуіне байланысты қызметкердің айырылған жалақысына (табысына) байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасасылған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу немесе ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде, бірақ қызметкер Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған мерзімнен аспайтын уақытқа қызметкердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

6.5. Сақтандырушы айырылған жалақыға (табысқа) байланысты зиянды өтеу ретінде жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен міндетті зейнетақы жарналары ұстап қалынады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

6.6. Жазатайым оқиға орын алған кезде, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиға салдарынан денсаулығының нашарлауы себебінен қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеуге құқығы бар тұлғалардың пайдасына Азаматтық кодексте белгіленген мерзім ішінде аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

6.7. Заңда көзделген жағдайларда Пайда алушылар болып табылатын өзге тұлғалардың сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

6.8. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

6.9. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезде оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді, 1 (бір) шипажайлық-курорттық емделуге ақы төлеу шығыстарын қоспағанда, қызметкер немесе осы шығыстарды өтеген (жұмсаған) тұлға ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде Сақтандырушы жүзеге асырады. Бұл ретте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық көмекке жұмсалған шығыстар өтелуге жатпайды.

6.10. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы осы тарауда

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

белгіленген мөлшерлер шегінде қызметкер немесе осы шығыстарды шеккен тұлға осы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

6.11. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі жиынтық сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылудың тиісті алғашқы белгіленген дәрежесі бойынша Заңның 19-бабының 2-тармағында айқындалған мөлшерлер шегінде жүзеге асырады.

6.12. Кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі алғаш рет белгіленгеннен кейін, зардап шеккен қызметкер өзінің жеке оңалту бағдарламасына қарамастан, 1 (бір) санаторий-курорттық емделуге ақы төлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді алуға құқылы. Жұмсалған шығыстарды өтеу осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жүз еселенген) мөлшеріне дейін жүзеге асырылады.

6.13. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда, оны жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған шығыстарды өтейді.

6.14. Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар туындаған кезде қызметкердің зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

6.15. Сақтандыру төлемінің (төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстардың мөлшері Шартта белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асқан жағдайда, айырма Сақтандырушыға Сақтанушының есебінен төленеді.

6.16. Егер превентивтік шараларды жүргізуге жұмсалған шығындар сақтандыру төлемінің (төлемдерінің) және жерлеуге арналған шығыстардың сомасын (сомаларын), оңалту шараларын, санаторий-курорттық емделуді жүргізуге жұмсалған шығындарды ескере отырып, Шартта белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асса, онда превентивтік шараларды жүргізуге жұмсалған шығындар жүзеге асырылмайды.

6.17. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

6.18. Сақтанушыға превентивтік шараларды жүргізуге іс жүзінде жұмсалған шығындарды өтеуді Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде төленген жағдайда және тек Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде ғана еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сақтандыру сыйлықақысының 6 (алты) пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.

6.19. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті, тізбесі Заңның 20-бабында белгіленген құжаттарды қоса бере отырып ұсынады.

7. Аннуитет шартын жасасу

7.1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген немесе ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда, жұмыс беруші Сақтандырушы ұсынған үлгі бойынша қызметкердің немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның пайдасына Сақтандырушымен аннуитет шартын жасасуға міндетті.

7.2. Аннуитет шарты Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

7.3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар тұлғалардың Азаматтық кодексте белгіленген мөлшерде және мерзімдерде табыс алуын қамтамасыз ететін шарттармен жасалады. Аннуитет шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған Шартты жасасқан Сақтандырушымен жасалады.

7.4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Пайда алушының төлеуіне жатпайды.

8. Зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасу

8.1. Қызметкердің зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға өтініші және Әлеуметтік кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар болған кезде, Сақтанушы қолданылу кезеңінде зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға әкеп соғатын оқиға орын алған Шартты жасасқан Сақтандырушымен Пайда алушының пайдасына зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасуға міндетті.

8.2. Зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері Шарт бойынша сақтандыру сомасының есебінен жүзеге асырылады.

8.3. Сақтанушы еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне еңбек шартын тоқтату туралы немесе еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы ақпарат енгізілгеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасуға өтінішпен Сақтандырушыға жүгінеді. Өтінішті Сақтанушы өтініш берілген күнге Сақтанушымен қолданыстағы Шарты бар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Сақтандырушыға ұсынады.

8.4. Зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасу үшін Шарт бойынша сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде Сақтанушы зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы мен Шарт бойынша сақтандыру сомасының қалған бөлігі арасындағы айырмаға тең сақтандыру сыйлықақысының сомасын төлеуді жүзеге асырады. Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын толық мөлшерде төлеген ақша Сақтандырушының ағымдағы шотына келіп түскен күннен бастап күшіне енеді.

8.5. Зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидалары, зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына және жасасылатын зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру ұйымының істі жүргізуге жұмсайтын шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптар, зейнеткерлік алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу қағидалары Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33876 болып тіркелген, Қазақстан Republiccы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысымен бекітілген.

9. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

9.1. Сақтандырушы Азаматтық кодексте көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайлар туындаған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

9.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтініште және Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін және Сақтанушының (Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

9.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы (Пайда алушы) сотқа не сақтандыру омбудсманын тарту арқылы шағым жасай алады. Сақтандырушы сақтандыру омбудсманының шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Сақтанушының мыналарға құқығы бар:

10.1.1. сақтандыру жағдайы басталған кезде еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландырған кезде қатысуға;

10.1.2. өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ Пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғауға;

10.1.3. Сақтандырушыдан Шарттың шарттарын, Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді түсіндіруді талап етуге;

10.1.4. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

10.1.5. Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

10.1.6. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі даударды реттеу мақсатында «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілетін құжаттарды жіберуге (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы);

10.1.7. еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен превентивтік шараларды және (немесе) оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтетуге;

10.1.8. Сақтанушы Сақтандырушыдан Факторинг шартына қатысты тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

10.1.9. сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

10.2. Сақтанушы мыналарға міндетті:

10.2.1. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінде бар барлық сақтандыру құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге;

10.2.2. қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел класы өзгерген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

10.2.3. сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

10.2.4. жазатайым оқиғаның орын алғаны туралы өзіне мәлім болған кезден бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

10.2.5. еңбек жөніндегі уәкілетті орган мен Сақтандырушы өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының орын алу мән-жайларын тергеп-тексеруді қамтамасыз етуге;

10.2.6. сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келген шығындарды дәлелдеуге;

10.2.7. Сақтандырушыға шартта белгіленген мерзімдерде сақтандыру төлемін есептеу, аннуитет шартын жасасу үшін қажетті Заңда және Шартта белгіленген барлық құжаттарды және пайда алушы (оның заңды өкілі) туралы ақпаратты (соның ішінде ұялы байланыс абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын) ұсынуға;

10.2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексеруден уақтылы өтуін қамтамасыз етуге;

10.2.9. еңбек жөніндегі уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына қызметкерлердің сақтандыру жағдайларының алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды ұсынуға;

10.2.10. қызметкерлерді өндірістен қол үзбей еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытуға;

10.2.11. жазатайым оқиғалардың профилактикасы, алдын алу және тергеп-тексеру мәселелері бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті органның шешімдерін орындауға;

10.2.12. өзінің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;

10.2.13. сақтандыру жағдайынан келетін шығындарды азайту шараларын қабылдауға;

10.2.14. Заңда көзделген жағдайларда Шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаның пайдасына аннуитет шартын жасасуға;

10.2.15. осы Шартқа сәйкес зиянды еңбек жағдайларындағы жұмыстармен айналысатын қызметкердің пайдасына зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасуға және Заңда көзделген жағдайлар мен тәртіппен еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйеге мәліметтерді енгізуге;

10.2.16. аннуитет шарты, зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты жасасылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның көшірмесін тиісті шарт пайдасына жасасылған Пайда алушыға ұсынуға.

10.2.17. Сақтанушы Сақтандырушының Шарттың 10.4.15-тармақшасында көзделген міндетті бұзғаны үшін Шарттың 11.5-тармағында көрсетілген айыппұлды басқаға берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға міндетті.

10.3. Сақтандырушының мыналарға құқығы бар:

10.3.1. сақтандыру жағдайларын тергеп-тексеруге қатысуға;

10.3.2. еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі қызметкерді куәландырған кезде қатысуға;

10.3.3. штаттық кестеге немесе Сақтанушы ұсынатын және (немесе) Сақтандырушы сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес экономикалық қызмет түрлерінің кәсіптік тәуекел кластарына жатқызылуының сәйкестігін тексеруге;

10.3.4. сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұрау салулар жіберуге;

10.3.5. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтанушының объектілерін зерттеп-қарауды жүргізуге;

10.3.6. Азаматтық кодексте, Әлеуметтік кодексте және Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға;

10.3.7. сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсынымдар беруге;

10.3.8. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;

10.3.9. Сақтанушыдан Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттарды талап етуге;

10.3.10. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын немесе бірінші сақтандыру жарнасын Шартта көзделген мерзімде төлемеген жағдайда, жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға немесе берешек сомасын сот тәртібімен өндіріп алуға;

10.3.11. Сақтанушы шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға бұрыс (анық емес) мәліметтер ұсынған жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, бұл ретте Сақтандырушы Шарттың қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болмайды және Сақтанушы Пайда алушының шығындарын өз бетінше өтеуге тиіс.

10.4. Сақтандырушы мыналарға міндетті:

10.4.1. Сақтанушыны Шарттың шарттарымен таныстыруға және оның Шарттан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

10.4.2. сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңға және Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асыруға және жерлеуге арналған шығыстарды өтеуге;

10.4.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде заңға және Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін және жерлеуге арналған шығыстарды өтеуді жүргізу;

10.4.4. өз қызметі нәтижесінде алынған Сақтанушы және Пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

10.4.5. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, өтінішті және Заңның 20-бабының 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін және Сақтанушының (Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырым, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге;

10.4.6. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарастыруға иә 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды реттеудің бұдан былайғы тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап ұсынуға;

10.4.7. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде, бұл өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

10.4.8. Сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін оның жасаған шығыстарын өтеуге;

10.4.9. Заңның 19-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған жағдайда, Пайда алушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін төленбеген соманың 1,5 (бір бүтін оннан бес) пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

10.4.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда және тәртіппен тиісті шарт бойынша сақтандыру төлемдерін алуға құқығы бар қызметкердің пайдасына Сақтанушымен аннуитет шартын, зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасуға;

10.4.11. Сақтанушыға Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының 6 (алты) пайызынан аспайтын мөлшерде превентивтік шараларды жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге;

10.4.12. Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының 6 (алты) пайызынан аспайтын мөлшерде оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге;

10.4.13. Пайда алушыға санаторий-курорттық емделуге жұмсалған шығыстарды тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын көлемде өтеуге;

10.4.14. аннуитет шарты жасасылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға (оның заңды өкіліне) оның пайдасына жасасылған аннуитет шарты туралы хабарлауға;

10.4.15. ақшалай талапты басқаға беру арқылы қаржыландыру (факторинг) шарты (бұдан әрі – Факторинг шарты) бойынша өзінің Сақтанушыға қоятын, осы Шарттан туындайтын ақшалай талабын қаржы агентіне бермеуге;

10.4.16. Факторинг шартына қол қойылған және/немесе Сақтанушыдан тиісті сұрау салу алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды ұсынуға: - Факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесін; - Сақтандырушы тарапынан Факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттарды.

10.5. Пайда алушының мыналарға құқығы бар:

10.5.1. Заңда және Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алуға;

10.5.2. Сақтанушы мен Сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпаратты, сондай-ақ өзінің пайдасына жасасылған аннуитет және зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарттарының көшірмелерін тегін алуға;

10.5.3. сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мәселелері бойынша шешімдерге еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасауға;

10.5.4. медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне жүгінуге;

10.5.5. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;

10.5.6. сақтандыру жағдайын тергеп-тексеруге, соның ішінде қызметкерлер өкілдерінің немесе өзінің сенімді тұлғасының қатысуымен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қатысуға;

10.5.7. Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге;

10.5.8. Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

10.5.9. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына өтініш пен қоса берілетін құжаттарды жіберуге (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы);

10.5.10. Шартқа сәйкес оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды және санаторий-курорттық емделуге жұмсалған, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын шығыстарды өтетуге.

11. Дауларды реттеу ерекшеліктері және тараптардың жауапкершілігі

11.1. Шарттан туындайтын дау болған жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы) мыналарға құқылы: - сақтандырушыға (соның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) өзінің талаптарын көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберуге не - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге.

11.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде оны 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырады және дауды реттеудің бұдан былайғы тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап ұсынады.

11.3. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды ұсынуға міндетті.

11.4. Шарттың шарттарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

11.5. Сақтандырушы Шарттың 10.4.15-тармақшасында көзделген міндетті бұзған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға Факторинг шарты бойынша басқаға берілген ақшалай талап сомасының 30 % (отыз пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

12. Өзге де шарттар

12.1. Тараптар Шартқа Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша енгізіледі және қосымша келісіммен ресімделеді.

12.2. Тараптардың осы Шарттың ережелерімен реттелмеген өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

12.3. Осы Шартқа Тараптар қол қойған қосымшалар (бар болса) Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

12.4. Осы Шарт қазақ және орыс тілдерінде, бірдей заңды күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан жасалды.

12.5. Сақтандырушы осы Шартқа қол қою арқылы:

12.5.1. Сақтанушы қаржы агентіне Факторинг шарты бойынша өзі басқаға берген ақшалай талап сомасын төлеген жағдайда, Сақтандырушының Сақтанушыға қандай да бір талап-тілектері және/немесе талаптары болмайтынын растайды;

12.5.2. Шарттың 11.5-тармағында көрсетілген айыппұлды Факторинг шарты бойынша басқаға берілген ақшалай талап сомасынан ұстап қалуға келісім береді;

12.5.3. Сақтанушы басқаға берілген ақшалай талап сомасын төлегенге дейін Факторинг шартының кез келген негіздер бойынша бұзылуы Сақтандырушыны Шарттың 11.5-тармағында көзделген айыппұлды төлеу міндетінен босатпайтынына кепілдік береді.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев, 6 БСН 020540003431	_____ _____ _____ БСН _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ376010111000018002
АО “Народный Банк Казахстана”
Тел.: +7 (717) 260-5388

БСК _____
ЖСК _____
_____
Тел.: _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
13108-1 У	Жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша қызмет көрсетулер, Жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша қызметтер	Жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша қызметтер	1.000	1.000	-		2 143 971 676.85	ҚАЗАҚСТАН, Астана к., г.Астана, ул.Кунаева, 6	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 0%, Соңғы төлем - 100%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №3 қосымшасы

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

№ р/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	Сатып алу көлемі		Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді						Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты, теңгемен	Шартта елішілік құндылықты, %
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	Тіркеу нөмірі	Өндірілетін қазақстандық тауардың атауы	Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы	Тауар өндірушінің БСН/ЖСН	Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 (∑15/∑7*100 %)
														0,00	x
						0,00								0,00	0,00%

Ескерту:
2. Шарт бойынша контрагенттің өзі де, оны жеткізушілер де болуы мүмкін тауарды жеткізуші көрсетіледі.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалық бойынша тауар коды (ТЖҚ БНА). Қол жетімді: http://www.enstru.skc.kz/. қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде (бар болса) ТЖҚ БНА кодына сәйкес келуге тиіс.
8. Тіркеу нөмірі. Мысал: 20003886.
9. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеге сәйкес өндірілетін тауардың атауы.
10. Заңды тұлғаның/дара кәсіпкердің атауы.
11. Тауар өндірушінің БСН/ЖСН (жеткізушінің БСН/ЖСН міндетті түрде сәйкес келмейді).
12. Қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген күні. Мысал: 25.03.2026.
13. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірмеде көрсетілген тауардағы елішілік құндылық үлесі (%). Үзінді болмаған жағдайда 0-ге тең.
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шығарылған елінің коды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындайтын/орындаған жеткізушінің немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы қорында қазақстандық кадрларының еңбекақы қорының үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8(=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (=∑15(кесте 1)+∑8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке услуг №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Национальная компания "Қазақстан темір жолы", именуемое в дальнейшем "Страхователь", в лице _____ _____, действующего на основании _____, с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем "Страховщик", в лице _____ _____, действующего на основании _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерного общества «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и организаций пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления, утвержденным решением Совета директоров АО «Самрук-Қазына» (№193 от «03» марта 2022 года) (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупках услуги (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем.

1. Общие положения

1.1. Предметом Договора является обязательное страхование работника от несчастных случаев при исполнении им трудовых (служебных) обязанностей (далее – обязательное страхование от несчастных случаев), в связи с чем, Страхователь обязуется уплатить страховую премию, а Страховщик при наступлении страхового случая обязуется осуществить страховую выплату в объеме и на условиях, предусмотренных Договором.

1.2. Объектом обязательного страхования работника от несчастных случаев является имущественный интерес работника, жизни и здоровью которого причинен вред в результате несчастного случая, приведшего к установлению ему степени утраты трудоспособности либо его смерти, а также при возникновении условий, предусмотренных пунктом 1 статьи 195-1 Социального кодекса Республики Казахстан (далее – Социальный кодекс).

